

## Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 1042 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 30 наурыздағы N 1325 Жарлығы

Мемлекеттік органдардың үкіметтік емес ұйымдармен адам құқықтарын қорғау саласындағы өзара іс-қимыл және ынтымақтастық жүйесін жетілдіру, олардың арасындағы әріптестік қатынастарды дамыту мақсатында қаулы етемін:

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 1042 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2003 ж., N 11, 125-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы ережеде:

1, 2, 10 және 11-тармақтардағы "Сыртқы істер министрі", "Сыртқы істер министрінің" деген сөздер алынып тасталсын;

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия құрамындағы:

"Нұрғалиева - Қазақстан Республикасы  
Еңлік Нұрғалиқызы Парламенті Сенаты аппаратының  
Құқықтық сараптама бөлімінің  
меңгерушісі

Отто - Қазақстан Республикасының  
Иван Иванович Ішкі істер вице-министрі"

деген жолдар тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"Нұрғалиева - Қазақ гуманитарлық-заң  
Еңлік Нұрғалиқызы университеті еңбек және экология  
құқығы кафедрасының меңгерушісі

(келісім бойынша)

Отто - Қазақстан Республикасының  
Иван Иванович Ішкі істер бірінші вице-министрі";

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құрамына:

Нәбиева - "ЖАРИА" қоғамдық бірлестігінің  
Гүлзи Әскенқызы директоры (келісім бойынша),

Нәрікбаев - Қазақ гуманитарлық-заң  
Мақсұт Сұлтанұлы университетінің ректоры (келісім  
бойынша),  
Нұрбаев - адвокат, Шығыс Қазақстан облыстық  
Герман Кәрімұлы адвокаттар алқасының мүшесі  
(келісім бойынша),  
Оразалин - Қазақстан Жазушылар одағы  
Нұрлан басқармасының төрағасы (келісім  
Мырқасымұлы бойынша),  
Сиврюкова - Қазақстанның үкіметтік емес  
Валентина ұйымдары конференциясының президенті  
Андреевна (келісім бойынша),  
Фокина - "Алматы-Хельсинки комитеті" қоғамдық  
Нинель бірлестігінің төрайымы (келісім  
Константиновна бойынша)  
енгізілсін.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*